



**БҰЙРЫҚ**

*2024 жылғы 27 мамыр*  
Астана қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *255*  
город Астана

**«Халел Досмұхамедов атындағы  
Атырау университеті» коммерциялық  
емес акционерлік қоғамының  
2023 жылғы жылдық қаржылық  
есептілігін бекіту туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабының 7-тармағына, 35-бабының 5-тармағына және 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің 2024 жылғы 17 мамырдағы № 4 шешіміне, «УНУ SAPA Consulting» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тәуелсіз аудиторының есебіне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2024 жылғы 22 мамырдағы № КГИП-1-КГ/5674 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) 2023 жылғы жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін.

2. Қоғамның 208 035 287,99 теңге (екі жүз сегіз миллион отыз бес мың екі жүз сексен жеті теңге 99 тиын) мөлшеріндегі 2023 жылғы таза табысы Қоғамның иелігінде қалдырылсын.

3. 2023 жыл ішінде жалғыз акционердің Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының қызметіне өтініштері түспегені айқындалсын.

4. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министрі Т.І. Ешенқұловқа жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің міндетін  
атқарушы



Д. Ахмед-Заки